



JOURNAL OF SOCIAL, HUMANITIES AND ADMINISTRATIVE SCIENCES

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed
ISSN 2630-6417



Article Arrival Date: 12.06.2016

Published Date: 30.09.2016

Vol 2/ Issue 4 / pp: 30-38

Innovative Approaches To The Organization Of Independent Work Of Students In Higher Education Institutions

Жоғарғы Оқу Орындарында Студенттердің Өздік Жұмыстарын Ұйымдастырудағы Инновациялық Әдістер

A.N. KALIYEVA

Research Assistant Kazakh State Women's Teacher Training University, Kazakhstan

N. KAYBAGAROVA

Research Assistant Kazakh State Women's Teacher Training University, Kazakhstan

G.A. KAGAZBEKOVA

Lecturer S.D.Asfendiarov National Medical University, Kazakhstan

АННОТАЦИЯ

XXI ғасырда ғылым мен білімді жаңа тұрғыда, жаңа әдісте дамытудың маңызы зор. «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үдерісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғарғы оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» - деп Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жолдауында білім саласына, жастардың білім-біліктілігін жетілдіруге ерекше көңіл бөлді. «Қазақстан - 2050» Стратегиясында: Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек –деп атап көрсетіп, Қазақстан жоғарғы дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру үшін нақты мақсаттар жүктеді. Бұл бағыттар іске асырылуы үшін білім сапасы жоғары болуы қажет.

Түйінді сөздер: Ұйымдастыру, Тәуелсіз сөз, Инновациялық көзқарас

ABSTRACT

In the 21st century, it is important to develop science and education in a new, new way. "The main process of higher education development is to improve the quality of training, to integrate innovative knowledge with intensive research activities, to closely link higher education research with the needs of the social sphere and economy, to improve education and information technology" the Concept of development of transfer.

In the Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev special attention was paid to education, improvement of youth's knowledge and skills. Strategy "Kazakhstan - 2050": Our young people should study, learn new sciences and acquire new skills, use knowledge and technology in everyday life skillfully and effectively. We need to do all that and provide the most favorable conditions, "he said, pointing to specific goals for Kazakhstan to join the top 30 developed countries. To achieve these targets, education should be of high quality.

Keywords: Organizational, Independent Work, Innovative Approaches

XXI ғасырда ғылым мен білімді жаңа тұрғыда, жаңа әдісте дамытудың маңызы зор. «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үдерісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғарғы оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» - деп Қазақстан

Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында көрсетілген¹.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жолдауында білім саласына, жастардың білім-біліктілігін жетілдіруге ерекше көңіл бөлді. «Қазақстан - 2050» Стратегиясында: Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек –деп атап көрсетіп, Қазақстан жоғары дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру үшін нақты мақсаттар жүктеді. Бұл бағыттар іске асырылуы үшін білім сапасы жоғары болуы қажет².

Бүгінгі білім беруде оқытудың жаңа технологияларын меңгерген маман өзін дамыта отырып, оқу - тәрбие үрдісін тиімділікпен ұйымдастыра біледі. Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ) оқыту үрдісінде студенттің өзіндік әрекетін ұйымдастырудың, басқарудың ерекше бір жолы болып табылады.

Кредиттік оқу жүйесінде өздік жұмыс студенттің білім алудағы негізгі әрекетіне жатады. Динамика мен өзгерістерге толы, ақпараттар шектен тыс өрбіген заманда тұлғаның негізгі қасиеті өздігімен үйрену мен білім игеру болып табылатындықтан, өздік жұмыстың маңызы барған сайын арта түсуде³.

Жоғарғы оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда жаңа оқыту технологиясын қолданып, әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі қажет. Студенттің ой еңбегінің ұтымды әдістерін меңгеруі, өз көзқарасын нақтылап, дәлелдей білуі, әртүрлі күрделі мәселелерді шығармашылықпен шеше білуді үйренуін талап етіледі. Осыған орай зерттеу жұмысының мақсаты студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру әдістерін дамыту.

Кредиттік оқу жүйесінде тақырып бойынша оқытушы ұсынған теориялық мәліметтерді студент өздігімен шығармашылық тұрғыдан меңгеріп, нәтижесін жазба жұмысында көрсетеді. Өздік жұмыстарын аудиториядан тыс уақытта топпен талқылайды, тереңдету жолдарын іздестіріп, бір-біріне кеңес береді, жұмыстарын бағалайды. Оқытушы студенттердің өткізген шығармашылық жұмыстарын бағалайды. Студенттердің өздік жұмыстарының түрлері төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте 1- Студенттердің өздік жұмыс түрлері

№	СӨЖ тапсырмалары
1	Интернет көздерімен, ғылыми әдебиеттермен, оқулықтармен жұмыс
2	Ұсынылған дәріс материалдарын игеру
3	Тақырып бойынша презентация дайындау
4	Ағымдық жоба дайындау
5	Ролдік ойын форматында консультация
6	Шығармашылық жұмыстарын рецензиялау
7	Топпен пікірталас өткізу
8	Топпен сабақ жоспарын дайындау және сабақ өткізу
9	Case-study ситуацияларын талдап, талқылау
10	Тақырып бойынша статистикалық мәліметтерді талдау
11	Тақырып бойынша интервью алу
12	Мамандар арасында белгілі бір мәселе бойынша сауалнама құрастырып, оны өткізу
13	Тақырып бойынша ситуацияларды дайындау
14	Студенттің өзін-өзі бағалауы, тестілеу

¹ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Президентінің 2010 жылдың 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығы.

² Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты қазақстан халқына жолдауы //Егеменді Қазақстан. – 2012, желтоқсан.

³ Алимов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. – Алматы: Ғылым, 2009. – 976.

Өздік жұмыс студенттің өз біліміне деген жауапкершілігін арттырып, өз білімінің мазмұндық траекториясын анықтауға және қолданатын әдіс-тәсілдерді таңдауға баулиды⁴. СӨЖ тапсырмаларына байланысты жазбаша бақылау нысандары: конспект, интервью, реферат, бақылау жұмысы, сұрақ-жауап, эссе, баяндама, талдау, глоссарий, кесте, сценарий, жоба, рецензия, ақпарат көздерінің тізімі, *Case-study* тапсырмалары, сценарий, презентациялау, есеп беру түрінде тапсырылады. Студенттердің өздік жұмысы жақсы нәтижеге жету үшін ұйымдастыру-әдістемелік шараларының жоспарланған жүйесі болуы және қажетті оқу-әдістемелік, анықтама-нормативтік мәліметтермен қамтамасыз етілуі қажет.

Жобалап оқыту технологиясын өткен ғасырдың басында америка философы әрі педагогы Дж. Дьюи және У.Х. Килпатри оқудың белсенді әдісі ретінде ұсынды. Жоба әдісінің талабы бір мәселені шешу, бұл әдіс көптеген шет елдерде кеңінен қолданылады. Студенттер мәселені шешу кезінде әр түрлі пәндерден алған білімін біріктіре отырып, практика жүзінде қолданады және сол кезде жаңа идеялар пайда болады.

Жоба әдісі студенттердің білімділікпен өз мәселелерін іздеп тауып, шешуі, өзіндік жұмыстарын, іс-әрекетін ұйымдастыруы. Мұндағы мәселе студент үшін маңызды әрі таныс, оны шешуде өз білімін пайдалана алатындай болуы қажет. Оқытушы студенттердің теориядан практикаға жетуіне бағыт – бағдар береді.

Жоба әдісінде оқытудың көптеген әдіс-тәсілдерін, соның ішінде жаңа ақпараттық технологияны (компьютерлік телекоммуникация, мультимедиялық құралдар, электрондық база мәліметі т.б.) қолдануға болады. Жоба әдісінің ерекшелігі студенттердің әр саладан алған білімдері бойынша негізгі мәселені шешуге мүмкіндік алуы. Жобалық жұмыс белгіленген нәтижеге жетіп, қорытынды шығарылады. Жоба әдісі жеке, жұптық, топтық жұмыс бойынша іске асырылады және студенттердің интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік қасиеттерін дамытады. Бұл әдіс нақты нәтижеге қол жеткізеді, жобаны көпшілікке ұсынуға болады. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудағы Жоба - *method of projects* әдісінің ерекшелігі кесте 2-де көрсетілген.

Кесте 2 - Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудағы Жоба әдісінің (*method of projects*) ерекшелігі

Негізі	Сипаты
Жоба мақсаты	Студенттерді өзіндік жұмыстарға бағыттау және іс-тәжірибеде көрсету
Жобаның түрлері	Зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік ойын, практикалық, ақпараттық
Ұзақтығы бойынша түрлері	Қысқа мерзімді, орташа, ұзақ мерзімді
Қатысушы саны	Жеке, жұппен, топпен
Орындалатын жұмыстардың түрлері	Доклад, реферат, баяндама, шығармашылық жұмыстар, көрме, видеофильм (проект- видеофильм), шағын қойылымдар, концерттер (проект-инсценировка), видеоклип, слайд, музыкамен сүйемелдеу (проект-мультимедиялы)
Жоба қорытындысы	Студенттер ақпаратты өз бетінше іздеу арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды, ой өрісі кеңейеді, қызығушылығы артады

Оңтүстік Қазақстанның флорасында 3000–дай түрлі өсімдіктер өседі, солардың ішінде көп мөлшерде дәрілік өсімдіктер бар. Дәрілік өсімдіктер қолдану кезінде фармакологиялық сараптаудан өткізілуі керек. Қазіргі кезде медицина саласындағы ғалымдар дәрілік өсімдіктерге барынша ден қойып, әр бірінің организмге қаншалықты пайдалы екенін кеңінен дәлелдеуде. Бұл жөнінде айтарлықтай табысқа жетуде, сондықтан қазіргі таңда фитотерапияға деген сұраныс артауда⁵.

⁴ Алимов А.В. Гузанов Б.Н. Активизация познавательной деятельности в вузе в процессе выполнения самостоятельной работы // Вестник УрИ ГПС МЧС России. – 2013. – № 40. – С. 115.

⁵ Көкенов М.К., Әдекенов С.М., Рақымов Қ.Д., Исамбаев Ә.И., Сауранбаев Б.Н. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 112 б.

Биологиялық білім берудегі дәрілік өсімдіктердің маңызы:

- ✓ биолог мамандарын дайындаудың биологиялық білім жүйесін қалыптастыру;
- ✓ дәрілік өсімдік шикізаты туралы негізгі заңдармен танысып, құқықтық және коммуникативті дағдыларды игере білу;
- ✓ дәрілік өсімдіктермен жұмыс істеу барысында танымдық, тұлғалық, іскерлік қабілеттерін дамыту;
- ✓ дәрілік өсімдіктердің шипалық қасиеттерімен танысу, емдеу әдісін таңдауды саналы түсіну;
- ✓ дәрілік өсімдіктер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауға тәрбиелеу⁶.

Жоғарыда көрсетілген тұжырымдарға байланысты студенттерге дәрілік өсімдіктерді жинау және сақтау ережелері жайлы биологиялық білім беру қажеттілігі туындайды. Төменде көрсетілген «Дәрілік өсімдіктерді жинау және сақтау ережелері» тақырыбындағы жоба әдісінің (*method of projects*) - оқыту үлгісі студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруда пайдалануға болады.

СӨЖ тақырыбы: Дәрілік өсімдіктерді жинау және сақтау ережелері

Әдісі: Жоба - *method of projects*, топтық - бағыттық әдіс-тәсіл

Жобаның мәселесі:

- ✓ адамдар дәрілік өсімдіктер жинауда, сақтауда білімсіздік көрсетіп, көптеген дәрілік өсімдіктердің қорын жоюға үлес қосатындары жайлы түсінбейді;
- ✓ дәрілік өсімдіктерді жинау, сақтау, кептіру, қолдану тәсілдерін жете білмегендіктен, дәрілік өсімдіктерді ысыраптайды.

Жобаның мақсаты:

Дәрілік өсімдіктерге деген қамқорлық, табиғатқа деген сүйіспеншілік қажеттігін, адам денсаулығына оның үлкен маңызы бар екендігін түсінеді, өсімдіктерді қорғай білуге, үнемділікке үйретеді. Дәрілік өсімдіктер туралы мағлұматтарды кеңінен қарастырып, оларды танып білетіндей, жинау ережелерін сақтайтындай деңгейге жеткізу. Білімгер өзі ізденіп, өз жобасын жасап, қорғауға дағдылану.

Педагогикалық мақсаты:

- ✓ білімгердің қабілетіне, ынта-жігеріне қарай жұмысты ұйымдастырып, бағыт-бағдар беріп, ізденіске қызығушылығын арттырып, жұмысын жобалай білуін, қорғай білуін, көркем сөйлеу шеберлігін, жалпыға ұсыныс бере білуін түсіндіруін қарастырады;
- ✓ зерттеушілік пен ізденушілік қасиетті ұштауға әсер ететін факторларды анықтай отырып, педагогикалық колдау көрсету негіздерін ұсынады;
- ✓ дәрілік өсімдіктердің маңызын ұғындырады, адам денсаулығы үшін қорғай білуге үйретеді.

Жобаның ұсыну формасы: зерттеушілік.

Жобаның нысаны: дәрілік өсімдіктерді жинау мен сақтаудағы ережелер мен олардың сақталуы және білімгерлердің дәрілік өсімдіктер жайлы білімдерін жетілдіру.

Жобалық идея: дәрілік өсімдіктерді жинау мен сақтаудағы ережелердің сақталмауы.

⁶ Калиева А.Н., Дюскалиева Г.У., Икрамова А.Ш., Дигарбаева А.М. Биологиялық білім беруде дәрілік өсімдіктердің маңызы. // Абай атындағы ҚазҰПУ Жас ғалымдардың VII халықаралық ғылыми конференциясы: «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде». – Алматы, 2015. – Б.258-262.

Болжам: Білімгерлер дәрілік өсімдіктерді жинау және сақтау ережелерін дұрыс орындамаған жағдайда табиғатқа зиян келтіретіндерін түсінсе, онда дәрілік өсімдіктер санын сақтауға қол жеткіземіз, білімгерлердің дәрілік өсімдіктерді танып білуге деген қызығушылығын арттырамыз.

Жобаның міндеттері:

- ✓ жобада қарастырылатын мәселеге байланысты әдебиеттерді зерделеу;
- ✓ зерттеушілік жобаның теориялық үлгісін даярлау;
- ✓ жобаны іске асыру, тәжірибеге енгізу міндеттерін белгілеу.

Қорытынды:

Дәрілік өсімдіктерді тиімді пайдалану өнімділігін арттыру және табиғи қорын, таралу аймағын қорғау бүкіл халықтық мәселе. Бүгінгі ғылыми жетілген заманда дәрілік өсімдіктерді жете зерттеп, оны сауатты қолдану, оларды қорғауға алу шараларын ұйымдастырып, арнайы қолдан өсіру, табиғи қорының тепе-теңдігін жоғалтпау аса қажетті шаралардың бірі.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы олардың жинақтаған теориялық білімдерін және түрлі ақпарат көздерін, инновациялық әдістерді нақтылы тәжірибелік мәселелердің шешімін табуға қолдана білулеріне негізделген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Президентінің 2010 жылдың 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығы.
2. Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты қазақстан халқына жолдауы // Егеменді Қазақстан. – 2012, желтоқсан.
3. Алимов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. – Алматы: Ғылым, 2009. – 97б.
4. Алимов А.В. Гузанов Б.Н. Активизация познавательной деятельности в вузе в процессе выполнения самостоятельной работы // Вестник УрИ ГПС МЧС России. – 2013. – № 40. – С. 115.
5. Көкенов М.К., Әдекенов С.М., Рақымов Қ.Д., Исамбаев Ә.И., Сауранбаев Б.Н. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 112 б.
6. Калиева А.Н., Дюскалиева Г.У., Икрамова А.Ш., Дигарбаева А.М. Биологиялық білім беруде дәрілік өсімдіктердің маңызы. // Абай атындағы ҚазҰПУ Жас ғалымдардың VII халықаралық ғылыми конференциясы: «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде». – Алматы, 2015. – Б.258-262.
7. Калиева А.Н. Биолог мамандарын дайындауда *Agrimonia L.* туысы дәрілік түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін білім беру жүйесінде пайдалану: дис. ... PhD: 5D011300 – биология. – Алматы, 2015. – 131б.

⁷ Калиева А.Н. Биолог мамандарын дайындауда *Agrimonia L.* туысы дәрілік түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін білім беру жүйесінде пайдалану: дис. ... PhD: 5D011300 – биология. – Алматы, 2015. – 131б.